

Қазақстан Республикасы
Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы
Сот төрелігі академиясы ректорының м. а.
2025 жылғы «02» маусым
№ 06-01-25/110
бұйрығына қосымша

**Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы
Сот төрелігі академиясында судьялар мен сот жүйесі қызметкерлерін
қайта даярлау және біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және
жүзеге асыру
ҚАҒИДАЛАРЫ**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі академиясында судьялар мен сот жүйесі қызметкерлерін қайта даярлау және біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Конституциялық Заңына, Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесі Төрағасының 2024 жылғы 15 шілдедегі № 1-8/35 өкімімен бекітілген Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі академиясының Жарғысына, Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесі Төрағасының 2024 жылғы 19 қарашадағы № 1-8/56 өкімімен бекітілген Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі академиясында оқу процесін, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік қызметті ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларына сәйкес әзірленді.

2. Қағидалар Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі академиясында (бұдан әрі – Академия) судьялар мен сот жүйесі қызметкерлерін қайта даярлауды және біліктілігін арттыруды ұйымдастыру, жүзеге асыру тәртібі мен шарттарын айқындайды.

2. Міндеттері мен қағидаттары

3. Судьялар мен сот жүйесі қызметкерлерін қайта даярлау мен біліктілігін арттырудың негізгі міндеттері болып табылады:

1) теориялық білімді тереңдету, практикалық дағдыларды жетілдіру және өзектендіру;

2) судьялардың қолданыстағы заңнама нормаларын біркелкі құқық қолдануына қол жеткізу;

3) сот жүйесінің құзыреттілігі, кәсібилігі, этикасы, тәуелсіздігі және ашықтығы мәселелерінде жоғары стандарттарға қол жеткізу;

4) судьялардың өз қызметін техникалық жетістіктерді қолдану негізінде халықаралық стандарттар мен тәжірибеге сәйкес жүзеге асыруы.

4. Академияда судьялар мен сот жүйесі қызметкерлерін қайта даярлау мен біліктілігін арттыруды ұйымдастырудың концептуалдық негізіне мынадай қағидаттарды енгізді:

1) *Жүйелілік.*

Судьялар мен сот жүйесі қызметкерлерін қайта даярлау мен біліктілігін арттыруды ұйымдастырудың барлық элементтері сот білімінің стратегиялық мақсаттарына бағынады;

2) *Тиімділік.*

Қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу;

3) *Динамикалық және икемділік.*

Сот жүйесінің алдында тұрған мақсаттар мен міндеттерді түзетуді ескере отырып, оқытудың бағыттарындағы, басымдықтарындағы, мазмұнындағы, әдістері мен нысандарындағы өзгерістер;

4) *Нәтижелілік.*

Қол жеткізілген нәтижелерді көрсету арқылы оқу процесін аяқтау;

5) *Үздіксіздік.*

Кәсіптік міндеттерін орындаудан қол үзе отырып, үш жылда кемінде бір рет тұрақтылық үнемілік және жүйелілік қағидаты бойынша оқыту.

3. Нысандары мен мазмұны

5. Судьялар мен сот жүйесі қызметкерлері үшін біліктілікті арттыру нысандары келесідей оқу сабақтары болып табылады:

1) судьялар үшін ұзақтығы 40 тан 80 сағатқа дейінгі курстар;

2) сот жүйесінің қызметкерлері үшін ұзақтығы 20 дан 40 сағатқа дейінгі курстар.

Судьяларды қайта даярлау төрт аптаға созылатын оқу сабақтары болып табылады. Оның ішінде екі аптасы қашықтықтан, келесі екі аптасы күндізгі оқыту нысаны арқылы жүргізіледі.

6. Оқытудың мазмұны судьялар мен сот жүйесі қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бойынша ұлттық озық және әлемдік тәжірибені зерделеу мен мемлекеттің сот білімі саясаты аясында әзірленген талаптармен айқындалады.

7. Қайта даярлау мен біліктілікті арттыру курстарындағы оқу сабақтары дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар, тренингтер, Жоғарғы, Кассациялық Сот алқаларының, облыстық және оларға теңестірілген соттардың жұмыстарына қатысу нысандарында өткізіледі.

4. Тыңдаушының оқу кезеңіндегі құқықтары мен міндеттері

8. Тыңдаушының құқығы бар:

- 1) Академия кітапханасын және компьютерлік класстарды пайдалануға;
 - 2) өткізілген сабақтардың материалдарын алуға;
 - 3) дәріскерлердің құзыретіне кіретін, өзін қызықтыратын барлық мәселелер бойынша кеңес алуға;
 - 4) біліктілікті арттыру курстарында оқытуды ұйымдастыру мәселелері бойынша пікір білдіруге және ұсыныстар енгізуге.
9. Тыңдаушы міндетті:
- 1) оқуға уақтылы кірісуге;
 - 2) судьялар мен сот жүйесі қызметкерлерін қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру курстарының бекітілген бағдарламасына (бұдан әрі – Курстар бағдарламасы) сәйкес барлық ұйымдастырушылық және оқыту іс-шараларына қатысуға;
 - 3) оқудан өту кезінде Судья әдебі кодексінің немесе мемлекеттік қызметшінің ар-намыс Кодексінің нормаларын басшылыққа алуға;
 - 4) оқу курсы аяқталғаннан кейін осы Қағидаларда белгіленген нысан мен көлемде білім бақылауынан өтуге.

5. Судьялар мен сот жүйесі қызметкерлерін қайта даярлау мен біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібі

10. Оқыту мерзімі және курс тыңдаушыларының санаты сот жүйесінің оқуға деген қажеттілігіне сәйкес Кеңес және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сот Төрағаларымен келісілген (бұдан әрі – Жоғарғы Сот), Академия ректорымен бекітілген күнтізбелік жылға немесе жартыжылдыққа әзірленген Жоспар-кестемен белгіленеді.

11. Сабақтардың тақырыптары, оқыту нысандары және дәріскерлік құрамы күнтізбелік жылға арналған Оқу жоспармен айқындалады.

12. Оқу жоспары Кеңес және Жоғарғы Сот Төрағаларының келісімі бойынша күнтізбелік жылға Академия ректорымен бекітіледі.

13. Тыңдаушылардың әрбір тобы сабақтарының тақырыбы мен ұзақтығы ректор бекітетін курс бағдарламасы түрінде рәсімделеді.

Курстық бағдарламаны қалыптастыру кезінде объективті жағдайларды ескере отырып, тақырыпқа және дәріс берушілер құрамына өзгерістер енгізуге рұқсат етіледі.

Курстардың бағдарламалары оқу курстары басталғанға дейін үш күнтізбелік күннен кешіктірілмейтін мерзімде бекітіліп Кеңеске және Жоғарғы Сотқа жолданады.

14. Тыңдаушылардың әрбір тобы жеке құрамын Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігі (бұдан әрі – Сот әкімшілігі) облыстық және оларға теңестірілген соттардың өтінімдері негізінде айқындайды және курс басталғанға дейін үш күнтізбелік күннен кешіктірмей Академияға жолдайды.

15. Судьялар мен сот жүйесі қызметкерлерін қайта даярлау және біліктілігін арттыру курстарына оқыту үшін тыңдаушыларды қабылдау Сот

әкімшілігі ұсынған ақпарат негізінде Академия ректорының бұйрығымен жүзеге асырылады.

Тыңдаушыны ауыстыру немесе шығару Сот әкімшілігінің келісімі бойынша облыстық немесе оларға теңестірілген сот төрағасының немесе Соттар әкімшісі басшысының ұсынымы негізінде дәлелді себептер болған кезде жүргізілуі мүмкін.

16. Қайта даярлау және біліктілікті арттыру курстарына жіберілген судьялар мен сот жүйесінің қызметкерлері келесі топтарға бөлінеді:

облыстық және оларға теңестірілген судьялар 20-25 адам;

аудандық және оларға теңестірілген судьялар 30-35 адам;

сот жүйесінің қызметкерлері 40-45 адам.

17. Тыңдаушы-судьялар топтары мыналарға байланысты жіктеледі:

1) сот ісін жүргізу нысандарына (азаматтық, қылмыстық, әкімшілік және әкімшілік-деликтілік) немесе өзге де мамандандырылған сотқа (экономикалық, тергеу, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі);

2) оқыту тілі – қазақ немесе орыс;

3) судья лауазымындағы жұмыс өтілі: 3 жылға дейін;

4) басқа негіздер бойынша.

Сот жүйесі қызметкерлері тыңдаушыларының топтары сот әкімшісі басшыларына, олардың орынбасарларына, мамандарға (сот отырыстарының хатшыларын қоса алғанда) және сот приставтарына жіктеледі.

18. Тыңдаушылардың орындаушылық тәртібін бақылау үшін сабаққа қатысу табелі жүргізіледі. Сабақтарды дәлелсіз себептермен өткізіп алған жағдайда тыңдаушы вице-ректордың ұсынысы негізінде Академия ректорының бұйрығымен қайта даярлау және біліктілікті арттыру курстарынан шығарылуы мүмкін.

Тиісті шара қабылдау үшін бұйрық Сот әкімшілігінің кадр қызметіне және Облыстық немесе оларға теңестірілген соттың төрағасына жолданады.

19. Қайта даярлау және біліктілікті арттыру курстарында оқыту қорытындылары тыңдаушылардың алған білімдері бойынша бақылау (бұдан әрі - емтихан) жүргізіледі:

1) күндізгі оқыту форматында – кейстің жазбаша шешімі арқылы (судьялар үшін) және компьютерлік тестілеу арқылы (сот жүйесінің қызметкерлері үшін) жүзеге асырылады;

2) қашықтықтан оқыту форматында – теориялық сұрақтарға ауызша жауап беру арқылы жүзеге асырылады.

Қашықтықтан сынақты байқау және бақылау рәсімін қамтамасыз ететін техникалық құралдар болған кезде (прокторинг) қашықтықтан оқыту форматындағы емтихан: судьялар үшін кейстің жазбаша шешімі нысанында және сот жүйесінің қызметкерлері үшін компьютерлік тестілеу нысанында өткізілуі мүмкін.

20. Емтиханның нысаны мен күні туралы ақпарат тиісті курстың бағдарламасына енгізіледі.

Емтихан сұрақтарының үлгілі тізбесі Курс бағдарламасына сәйкес өткізілген оқыту іс-шараларының көлеміне қарай қалыптастырылады.

Емтихан сұрақтары тыңдаушылардың назарына кешіктірілмей жеткізіледі:

1) барлық санаттағы судьялар үшін – емтихан өткізілетін күнге дейін жеті күнтізбелік күн;

2) сот жүйесінің қызметкерлері үшін – емтихан өткізілетін күнге дейін үш күнтізбелік күн.

21. Компьютерлік тестілеу 50 тест тапсырмасынан тұрады. Әрбір дұрыс жауап үшін екі балл беріледі. Тестілеу уақыты - 50 минут.

22. Сот практикасынан жағдайды модельдейтін кейс тыңдаушылардың мамандануына сәйкес келетін сот ісін жүргізу түрінде жасалады.

Кейстің жазбаша шешімі түріндегі емтихан екі нысанда өткізілуі мүмкін:

1) материалдық және процессуалдық құқық бойынша сұрақтары бар кейс;

2) ол бойынша дәлелді шешім жасауды талап ететін тапсырмасы бар кейс.

Кейсті шешу 50 минут ішінде компьютерде орындалады. Кейстің жазбаша шешімі осы Қағидалардың 1-қосымшасында көрсетілген өлшемдер бойынша бағаланады.

23. Қашықтықтан оқыту форматында ауызша емтиханды қабылдау онлайн режимінде емтихан алушылар мен тыңдаушыларды интернет желісіне тікелей қосу арқылы жүзеге асырылады.

24. Судьяларда емтиханды өткізу үшін 3 (үш) адамнан тұратын комиссия: Кеңес мүшесінен (келісім бойынша), Жоғарғы Сот немесе Жоғарғы Соттың отставкадағы судьяларынан (келісім бойынша), ректордан немесе вице-ректордан құрылады.

Ректор, вице-ректор болмаған жағдайда (іс-сапар, еңбек демалысы, ауырып қалған немесе дәлелді себептер кезінде) емтихан өткізу үшін Ғылыми-білім беру орталықтарының директорлары тартылуы мүмкін (бұдан әрі - ҒБО).

Сот жүйесінің қызметкерлерінде емтиханды өткізу үшін кемінде 5 (бес) адамнан тұратын комиссия: Кеңес мүшесінен (келісім бойынша), Кеңес аппараты қызметкерінен (келісім бойынша) және Сот әкімшілігі қызметкерінен (келісім бойынша), Академияның ҒБО директорынан және оқытушыдан құрылады.

25. Емтихан өткізу үшін емтихан комиссиясы мүшелерінің дербес құрамын Академия ректорын айқындайды.

26. Емтихан нәтижесі осы Қағиданың 2-қосымшасына сәйкес 100 балдық шкала бойынша бағаланады.

27. Емтихан нәтижелері бойынша кемінде елу балл жинаған тыңдаушы оқуды сәтті аяқтады деп танылады.

28. Оқуды аяқтағаннан кейін, оқуды сәтті аяқтаған тыңдаушыға Академия ректорының бұйрығы негізінде белгіленген үлгідегі Сертификат тапсырылады.

29. Емтихан нәтижелері бойынша талап етілетін балл санын жинамаған тыңдаушыға сертификат берілмейді. Мұндай жағдайда осы Қағиданың 3-

Қосымшасында көрсетілген үлгіде тыңдаушының курстағы оқыту нәтижелері туралы анықтама жолданады:

Судьяларға қатысты – Жоғарғы Сотқа және Кеңес аппаратына (мәлімет үшін);

Сот жүйесінің қызметкерлеріне қатысты – Сот әкімшілігіне, Кеңес аппаратына (мәлімет үшін) осы Қағиданың 3-Қосымшасына сәйкес көрсетілген үлгіде жолданады.

30. Өткізілген курстардың қорытындылары туралы жалпы анықтама судьяларға қатысты болса Жоғарғы Сотқа және Кеңес аппаратына (мәлімет үшін), сот жүйесінің қызметкерлеріне қатысты болса Сот әкімшілігіне және Кеңес аппаратына (мәлімет үшін) осы Қағиданың 4-Қосымшасына сәйкес көрсетілген үлгіде жолданады.

31. Оқуды аяқтағаннан кейін келесі негізгі критерийлер бойынша тыңдаушылар арасында қорытынды сауалнама жүргізіледі:

- 1) тыңдаушының оқыту сапасына қанағаттануы;
- 2) алынған білім мен дағдылардың кәсіби қызметте қолданылуы;
- 3) оқытудың тыңдаушы қызметінің тиімділігіне әсері;
- 4) оқытудың нысандарын, тәсілдері мен әдістерін жақсарту жөніндегі ескертулер мен ұсыныстар;
- 5) сабақ өткізген тұлғалардың рейтингін анықтау.

Қазақстан Республикасы Жоғары Сот
Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі
академиясында судьялар мен сот
жүйесі қызметкерлерінің қайта
даярлау және біліктілікті арттыру
курстарын ұйымдастыру мен өткізу
Қағидаларына
1-Қосымша

Кейстің жазбаша шешімін бағалау критерийлері

№	критерийлері	баллдары
1	Мазмұндық сәйкестік – кейс шешімінің емтихан билетінде қойылған тапсырмаларға сәйкестігі және жауаптың толықтығы.	20
2	Ұғымдық-терминологиялық негізділік – кейсті шешуде заң терминдері мен ұғымдарын пайдалану, оларды дұрыс түсіндіру және қолдану, тұрмыстық терминологияны пайдалануға жол бермеу.	20
3	Қисындылығы – кейс шешімінің жүйелі, дәйекті, мазмұндалуы.	20
4	Аргументациялау – кейс шешудің заңды және нақты негіздемесін беру, кейс шешудің балама нұсқаларын ұсыну мүмкіндігі.	20
5	Жүйелілік – кейс шешудің құрылымдылығы, оның жеке элементтерінің өзара байланысы.	20
Жиыны		100

Қазақстан Республикасы Жоғары Сот
Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі
академиясында судьялар мен сот
жүйесі қызметкерлерінің қайта
даярлау және біліктілікті арттыру
курстарын ұйымдастыру мен өткізу
Қағидаларына
2-Қосымша

Жүзбаллдық бағалау шкаласы

Баллдардың сандық эквиваленті	%- дық мазмұны
4,0	95-100
3,67	90-94
3,33	85-89
3,0	80-84
2,67	75-79
2,33	70-74
2,0	65-69
1,67	60-64
1,33	55-59
1,0	50-54
0	0-49

Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі академиясында судьялар мен сот жүйесі қызметкерлерінің қайта даярлау және біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру мен өткізу Қағидаларына
3-Қосымша

**_____ аралығында _____ қайта даярлау,
біліктілікті арттыру курстарын өткізу қорытындысы бойынша
Анықтама**

Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі академиясында _____ жылғы «___» _____ үшін қайта даярлау, біліктілікті арттыру курстары өткізілді.

Курс _____ жылға арналған Оқу жоспарына сәйкес оқу бағдарламасы негізінде өткізілді.

_____ жылғы «___» _____ түрінде емтихан өткізілді.

Емтихан комиссиясының құрамына келесілер кірді:

1. _____
2. _____
3. _____

Оқыту қорытындысы бойынша _____
(тыңдаушы (лар) аты-жөні)

сертификат берілмеді.

_____ аралығында _____ қайта даярлау,
біліктілікті арттыру курстарын өткізу қорытындысы бойынша
Анықтама

біліктілікті арттыру курстары өткізілді.

Жоспар-кестеге сәйкес _____ тыңдаушы (-лар) оқытылды.

Курс _____ жылға арналған Оқу жоспарына сәйкес оқу бағдарламасы негізінде өткізілді.

_____ ЖЫЛҒЫ «__» _____ түрінде емтихан
өткізілді.

Емтихан комиссиясының құрамына келесілер кірді:

1. _____
2. _____
3. _____

Емтиханды бағалау жүзбалдық жүйе бойынша жүзеге асырылды. _____
тыңдаушылардың:

- ____тыңдаушы (__ %) "90 және одан жоғары балл" алды ;
- ____тыңдаушы (__ %) "70-тен 89-ға дейін балл" алды ;
- ____тыңдаушы (__ %) "50-ден 69-ға дейін балл" алды (мәлімдеме қоса беріледі).

Оқыту қорытындысы бойынша _____ сертификат (тар) берілмеді.
(тыңдаушылар саны)